

**Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 12 наурыздағы № 5С-37/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 4750 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 6С-8/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 25.08.2016 № 6С-8/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386, 444-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 29.03.2016 № 6С-2/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 29.03.2016 № 6С-2/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Степногорск қалалық**

**мәслихатының 29.03.2016 № 6С-2/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Х.Шәкенов*

*Қалалық мәслихаттың  
хатшысы*

*Ғ.Көпеева*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Степногорск қаласының  
әкімі*

*М.Тақамбаев*

*"Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Ақмола облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер департаментінің  
Степногорск қаласы бойынша  
Мемлекеттік кірістер басқармасы"  
Республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы*

*А.Есжанов*